

Онлайн жүйесінде өткен Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №4

**«Ш.Айманов атындағы жалпы
білім беру мектеп-интернаты» КММ**

13 .05.2020 жыл

Қатысқандар: 15 адам

1. Жуманов Ғайниден Кабиденевич - кеңес төрағасы
2. Ильдин Ренат Қуатжанұлы – кеңес орынбасары
3. Сейткулов Жанат Жақыбайұлы – кеңес мүшесі
4. Курманов Алтынбек Жұматұлы – кеңес мүшесі
5. Сапабеков Болатбек Талғатбекұлы – кеңес мүшесі
6. Макишев Асет Жүрсінұлы – кеңес мүшесі
7. Укубасова Гүлден Зейноллақызы - кеңес мүшесі
8. Боканова Акмарал Муратовна – кеңес мүшесі
9. Канафина Айнұр Мәңгіліқызы- кеңес хатшысы
10. Досмагамбетова Салтанат Сейтжанқызы –мектеп-интернат директоры.
11. Тусупбекова Анаргүл Турлыбековна -мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
12. Саликова Елмира Мергенбайқызы - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
13. Тулешова Айжан Шахманқызы - мектеп директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары
14. Әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымдары

Күн тәртібінде:

1. Қоғамдағы жас ұрпақтың тәрбиесіндегі ролі
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды: Тәрбие ісінің меңгерушісі: Е.М.Саликова

1. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деп философ Әбу Насыр әл Фараби айтқандай, балаларға жан-жақты құқықтық тәрбие беруді жетілдіріп отыру – басты парызымыз. Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жас-өспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылар каникулға шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтай бермейді. Әсіресе, жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жаз мезгілінде көп тіркеледі. Сол себептен жазғы демалыста ата-аналар тарапынан қатаң қадағалауда болуы тиіс. Биылғы оқу жылында құқықбұзушылық факті тіркелген жоқ.

Баянауыл аудандық кәмелетке толмаған ісі жөніндегі инспектор Болатбек Тлеуқабылұлымен жұмыс жасаудамыз әр ай сайын айына 1 рет оқушылармен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Мектепте «Жас полиция көмекші» клубы жұмыс жасайды. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу үшін бұл клуб

елеулі жұмыстар атқарып келеді. Мысалы, мектепте темекі шегу, әлімжеттік сияқты құқықбұзушылықтар болған жағдайда жас полиция көмекшілері, әлеуметтік педагогқа және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жедел баяндап отыруы тиіс. Бірақ мұндай жоғары да аталған өрескел құқықбұзушылық болған жоқ. СӨС координаторы мен бірлесіп «Зиянды заттардан аулақ бол!» атты акциялар, апталықтар үнемі өтуде.

Құқықбұзушылықтың алдын алу үшін түрлі шараларды жүзеге асырудамыз. Мысалы, мереке күндері, демалыстарда рейд жүргізіліп, сауалнамалар, құқықтық айлықтар өтуде.

1-15 қараша айында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша айлық болды. Мектептерге Аудандық ӘББ әдіскерлерімен және Баянауыл аудандық кәмелетке толмаған ісі жөніндегі инспекторымен бірлескен әр түрлі іс шаралар жүргізіліп, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға көмектесуде. Мектепте ОДН тіркеуінде бала жоқ, мектепшілік бақылауда оқушы жоқ. Ата-аналармен де тығыз байланыста жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, әлемге келіп жатқан індет дерт бойынша баршаңызға мәлім, жаднамалармен таныссыздар, сақ болайық, балаларымызға абай болайық!

2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруда мектеп жанында «Тұлпар» жазғы лагері, бейіндік отрядтар, аула клубтары жұмыс қашықтықтан жүреді деп жоспарлап отырмыз. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру, жаздағы қауіпсіздік ережелері таныстырылуда. «Тұлпар» жазғы лагерінде оқушылар онлайн форматта өтеді. Бұл жазғы сауықтандыру лагерінде ата-ана қамқорынсыз қалған, азқамтамасыз етілген, көп балалы отбасынан шыққан балалар тіркеледі. Бұл тізім бойынша қамқоршылық кеңес мүшелерімен ата-аналар комитетімен арнайы комиссия құрылып тізім бекітілетін болады.

Қамқоршылық кеңес отырысының шешімі:

1. Жас ұрпақтың тәрбиесіндегі жұмыстар күшейтілсін.
2. Оқушылардың жазғы демалысы ұйымдастыру жұмыстары басталсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  **Ғ.К.Жұманов**

Хатшы: 

А.М.Канафина